

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ
8D016 –Тарих бағытында «6D011400 - Тарих» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің 2022 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕБІ

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ жанындағы 8D016 –Тарих бағытында «6D011400 - Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғауға арналған диссертациялық кеңес

Жалпы мәліметтер

Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 ақпан № 90 бұйрығына сәйкес 3 жыл мерзімге құрылған.

Диссертациялық кеңес құрамы Alikhan Bokeikhan University ректорының 2021 жылғы 27 мамырдағы №50 бұйрығымен бекітілген:

1. т.ғ.д Адильбаева А.С.
2. т.ғ.д Жанбосинова А.С.
3. т.ғ.к Болатова Қ.Б.

Диссертациялық кеңестің төрағасы-т.ғ.д Адильбаева А.С.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы-т.ғ.к Болатова Қ.Б.

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер

Есеп беріліп отырған мерзімде диссертациялық кеңесте «6D011400 - Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғауға қабылдап алу және диссертацияларды қорғау бойынша 3 отырыс өткізілді.

2. Өткізілген отырыстар санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты

Өткізілген отырыстар санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшесі болған жоқ. Диссертациялық кеңес мүшелері барлық отырыстарға толық қатысты.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

Есеп беріліп отырған мерзімде диссертациялық кеңесте «6D011400 - Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша диссертация қорғалды:

1. Таракчы Вахдет-Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

2. Есептік жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияға белгіленген бөлімдер бойынша қысқаша талдау

№	Докторанттың Т.А.Ә	Диссертацияның тақырыбы	Ғылыми кеңесшілер	Ресми рецензенттер
1	Таракчы Вахдет	Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқу мәселелері	Тұрсүн Хазретәлі Маханұлы - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ- түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, мамандығы: 07.00.02 - Отан (Қазақстан Республикасы) тарихы;	Байдалы Рауан Жомартұлы - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай аймақтық университетінің доценті, философия докторы (PhD); Ибраева Кулән Жағышарқызы - С. Сейфуллин атындағы

			Беркимбаев Камалбек Мейірбекұлы - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы; Дервиш Кылынычкая – Хаджетепе университетінің профессоры, доктор (Түркия Республикасы, Анкара қаласы).	Қазақ агротехникалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.
--	--	--	--	---

4.1 Қаралған диссертация тақырыбына талдау

Таракчы Вахдеттің «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқу мәселелері» атты диссертациясының тақырыбы бүгінгі тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің біріне арналған. Зерттеу әдістерінің өзегінде қазіргі заманғы тарихи таным теориясы негізінде дәйектелді. Соған сай тарих теориясының кешенділік, жүйелік, шынайылық, тарихилық, тарихи-салыстырмалық қағидалары қолдана отырып, М.Шоқайдың күрделі қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығындағы күрескерлік еңбегі талданып, оның тәуелсіздік жолындағы атқарған ролі мен алатын орны қарастырылды.

Мұстафатану ғылыми бағытының әдіснамасы мен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы Мұстафа Шоқай қызметінің тарихнамасына қатысты И.Д. Ковальченко сияқты шетелдік ғалымдармен бірге Отан тарихын ұлттық мүдде тұрғысында қарастырудың әдіснамалық негізін қалаған М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев, К.Есмағамбетов және т.б. ғалымдардың тұжырымдары талданып, М.Шоқай өнегесін тарих пәндерінің мазмұнында оқытуға қатысты Т.Тұрлығұл, Б.Берлібаев және т.б. әдіскер-ғалымдардың тұжырымдары айқындалды. Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі тарихы мен шығармашылық мұрасын оқытудың бағдарламалық кезеңдері мен тарих пәнінде оқыту формалары мен әдіс-тәсілдері талданды.

4.2 Диссертациялық тақырыбын Ғылым туралы заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Укіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен байланысты

Таракчы Вахдеттің «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқу мәселелері» атты диссертациясы тарих ғылымының даму бағыттарына сәйкес келеді және әдіснамалық тұрғыда «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы мен «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы» және т.б. құжаттар да тақырыптың идеясын негіздеуге және оның мәнін ашуды көздейді.

4.3 Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметте енгізу деңгейін тандау

Зерттеу жұмысы бойынша қол жеткен нәтижелер мен жасалған тұжырымдардың қолданбалық маңызы – «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің мазмұнында болашақ педагогтардың тарихи сана қалыптастыруға даярлаумен айқындалады. Нәтижелерді

«Тарих» білім беру бағдарламаларымен қатар басқа да тарих емес мамандықтардың мемлекеттік білім беру стандартына сай «Қазақстан тарихы» пәнінің оқу-әдістемелік кешеніне қолдануға болады. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы», «Тәуелсіз Қазақстан тарихы» пәндерінің мазмұндарына Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметінің тарихын оқытуға қатысты әдістемелік ұсыныстарды дәрістерде, болашақ мұғалімдердің біліктілігі мен құзыреттерін арттыруда қолдануға болады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып)

Вахдет Таракчының «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу және оқыту мәселелері» тақырыбынды дайындалған диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер-Байдалы Рауан Жомартұлы – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай аймақтық университетінің доценті, философия докторы (PhD). Ибраева Кулән Жағыпарқызы - С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы. Ресми рецензенттер зерттеу жұмысының өте жоғары деңгейде орындалғанына баса назар аударып, болашаққа ғылымға қосылған тың зерттеулер қатарын толықтыратындығын атап өтті. Рецензенттер ұсынған диссертациялық жұмысқа негізді сын пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сәйкес келеді, онда диссертацияның барлық артықшылықтары көрсетіліп, дұрыс ескертпелер жасалған.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

Ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижелерін Қазақстандағы Рухани жаңғыру міндеттерін орындауға бағыттау

Ғылыми кадрларды дайындауда ғылыми-зерттеу нәтижелерінің жариялану деңгейін арттыру

7. «6D011400 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденушінің қаралған диссертациясы туралы деректер

1. Корғауға қабылданған диссертациялар (Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан — 1)-1
2. Корғаудан алынып тасталған диссертациялар — 0
(Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары — 0)
3. Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар -0
(Басқа жоғары оқу орындарынан — 0)
4. Рецензенттерден теріс пікір алғандар — 0
(Басқа жоғары оқу орындарынан — 0)
5. Корғау қорытындысы бойынша теріс пікір алғандары — 0
(Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан — 0)
6. Аяқтауға жіберілген диссертациялардың жалпы саны — 0
(Оның ішінде басқа оқу орындарынан — 0)
7. Қайта корғауға жіберілген диссертациялар саны — 0
(Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан — 0)

Диссертациялық кеңес төрағасы Адилбаева А.С. Адильбаева А.С.
Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Болатова К.Б. Болатова К.Б.

«09» қаңтар 2023 жыл

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись

Адильбаева А.С.
Болатова К.Б.

КАДР БӨЛІМІ

• 09 • 01 2023 ж.ғ.

Миссиялар
Адильбаева А.С.
Болатова К.Б.